

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 10-IV Заңы

Варшавада 1997 жылғы 27 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Поляк Республикасының Үкіметі арасындағы
Әуе қатынасы туралы келісім

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Поляк Республикасының Үкіметі,

Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық Азаматтық Авиация туралы Конвенцияның қатысушылары бола отырып, олардың мемлекеттерінің тиісті аумақтарының арасында және олардан тыс әуе қатынасын орнату және пайдалану мақсатында аталған Конвенцияға қосымша Келісім жасасуға тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - Б А П

АНЫҚТАМАЛАР

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін, егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса:

а) "Конвенция" термині Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны білдіреді және осы Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған кез келген қосымшаны және осы қосымшалар мен түзетулерді Уағдаласушы Тараптардың екеуі де қабылдаған болса, Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес қосымшаларға немесе Конвенцияға кез келген түзетуді қамтиды;

б) "авиациялық билік орындары" термині Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты - Көлік және коммуникация министрлігін, және Поляк Республикасының Үкіметіне қатысты - Көлік және теңіз шаруашылығы министрлігін немесе осы кезде көрсетілген органдар орындайтын функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті кез келген басқа тұлғаны немесе ұйымды білдіреді;

в) "тағайындалған авиакәсіпорын" термині осы Келісімнің 3-бабына сәйкес тағайындалған және уәкілеттік берілген авиакәсіпорынды білдіреді;

г) "тарифтер" термині агенттік қызметтерге немесе көлік құжаттарын сатуға комиссиялық алымдарды және басқа да қосымша төлемдерді қоса алғанда, бірақ почтаны тасымалдау үшін төлемдер мен шарттарды алып тастағанда, жолаушылар, багаж және жүк тасымалы үшін төленетін бағаларды және осы бағалар қолданылатын ш а р т т а р д ы б і л д і р е д і ;

д) "Келісім" термині осы Келісімді, оның қосымшасын және Келісімге немесе қосымшаға кез келген түзетулерді білдіреді.

2 - Б А П

ТАСЫМАЛДАУ ҚҰҚЫҚТАРЫН БЕРУ

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарапқа оның тұрақты халықаралық әуе желілеріне қатысты мынадай құқықтарды:

- а) олардың мемлекетінің аумағы арқылы қонбастан ұшып өту құқығын;
- б) олардың мемлекеттерінің аумақтарына халықаралық ұшуларға жол берілген пункттерде коммерциялық емес мақсатпен қону құқығын;
- в) екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы пунктке баратын немесе пункттен шығатын жолаушыларды, багажды және почтаны жоғарыда аталған аумақтарда, осы Келісімге қосымшада көрсетілген пункттерде тиеу және түсіру қ ұ қ ы ғ ы н б е р е д і .

Қосымшада көрсетілген бағыттар бұдан әрі "белгіленген бағыттар", ал бұл бағыттар бойынша халықаралық әуе желілері "келісілген желілер" деп аталады.

2. Осы бапта ешнәрсе де бір Уағдаласушы Тарап авиакәсіпорнына екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында осы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы басқа пунктке тасымалдауға жататын жолаушыларды, жүкті және почтаны жалдау шартымен немесе сыйақы үшін бортқа алу құқығын беру ретінде қаралмайды.

3 - Б А П

АВИАКӘСПОРЫНДЫ ТАҒАЙЫНДАУ

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап белгіленген бағыттар бойынша келісілген желілерді пайдалану үшін бұл туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша түрде хабарлай отырып, бір авиакәсіпорынды тағайындауға құқылы.

2. Осындай хабарламаны алғаннан кейін екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары осы Баптың 4 және 5-тармақтарының ережелеріне сәйкес әрбір тағайындалған авиакәсіпорынға ұшуларды орындауға тиісті рұқсатты кідіріссіз береді.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап бұл туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша түрде хабарлай отырып, осындай авиакәсіпорынды ауыстыруға және басқасын тағайындауға құқылы. Жаңадан тағайындалған авиакәсіпорын өзі орнын ауыстырған авиакәсіпорынның құқықтарына ие болады және осындай міндеттемелер алады.

4. Әрбір Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары тағайындаған авиакәсіпорыннан осы

Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары халықаралық әуе желілерін пайдалану кезінде Конвенцияның ережелеріне сәйкес әдетте және негізді түрде қолданатын заңдар мен ережелерде нұсқалған шарттарды орындауға қабілетті екендігіне дәлелдемелер талап ете алады.

5. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Баптың 2-тармағында аталған ұшуларға рұқсат беруден бас тартуға немесе осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды тағайындалған авиакәсіпорын пайдаланған кезде, осы авиакәсіпорынды иеленудің басым құқығы мен пәрменді бақылау осы авиакәсіпорынды тағайындаған Уағдаласушы Тарапқа немесе оның азаматтарына тиесілігі екендігіне аталған Уағдаласушы Тараптың дәлелдемесі болмаған кез келген жағдайда, қажетті деп тапқан шарттардың орындалуын талап етуге құқылы.

6. Тағайындалған және осылайша рұқсат алған авиакәсіпорын осы Келісімнің 11-бабының ережелеріне сәйкес белгіленген тарифтердің осы келісілген желілерде қолданысқа енгізілуі шартымен, кез келген уақытта келісілген желілерді пайдалануды бастауы мүмкін.

4 - Б А П

БЕРІЛГЕН ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ КҮШІН ЖОЮ НЕМЕСЕ УАҚЫТША ТОҚТАТУ

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап пайдалануға арналған рұқсатты жоюға немесе осы Келісімнің 2-бабында көзделген құқықтарды екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының пайдалануын уақытша тоқтатуға немесе мынадай жағдайларда :

а) егер авиакәсіпорынды басым иелену және пәрменді бақылау осы авиакәсіпорынды тағайындаған Уағдаласушы Тарапқа немесе оның азаматтарына тиесілі екендігіне сенімді болмаған жағдайда;

б) егер осы авиакәсіпорын оған осы құқықтарды берген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңдары мен ережелерін сақтамаған жағдайда;

в) егер авиакәсіпорын осы Келісімде нұсқалған шарттарды қандай да бір өзге түрде сақтамаған жағдайда, осы құқықтарды пайдалану кезінде ол қажетті деп тапқан шарттардың орындалуын талап етуге құқылы.

2. Егер осы Баптың 1-тармағында көрсетілген дереу күшін жою, уақытша тоқтату немесе шарттардың орындалуын талап ету заңдар мен ережелердің одан әрі де бұзылуын болдырмау үшін қажет болып табылмаса, мұндай құқық тек екінші Уағдаласушы Тараппен консультациялардан кейін ғана қолданылатын болады. Осындай консультациялар, егер Уағдаласушы Тараптардың арасында өзгеше келісілмесе, сұрау салу алынған күннен бастап отыз (30) күн ішінде басталуы тиіс.

5 - Б А П

ЗАҢДАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің халықаралық ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің өз мемлекетінің аумағына ұшып келуін, аумағында болуын және одан

ұшып кетуін немесе осы әуе кемелерінің оның аумағы шегінде болған кезіндегі пайдаланылуын және навигациясын реттейтін заңдары мен ережелері екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакәсіпорынның әуе кемелеріне де қолданылатын болады.

2. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің өз аумағынан жолаушылардың, экипаждың, багаждың, жүктің және почтаның келуін, уақытша болуын және кетуін реттейтін заңдары, ережелер мен рәсімдері, мысалы кіруге, шығуға, эмиграция мен иммиграцияға қатысты нысандылықтар тәрізді, сондай-ақ кедендік ережелер мен санитарлық шаралар екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны әуе кемесімен тасымалданатын жолаушыларға, экипажға, багажға және почтаға, олар аталған аумақта болған кезде, қолданылатын болады.

3. Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына қатысты осы бапта көзделген заңдар мен ережелерді қолдануға басым құқық бере алмайды.

6 - Б А П

ТАСЫМАЛДАР КӨЛЕМІН РЕТТЕУ

Келісілген желілерде орындалатын тасымалдар көлемі мынадай шарттарға сәйкес болады:

1. Уағдаласушы Тараптар келісілген желілерді пайдалану үшін тағайындаған авиакәсіпорындар осы келісілген желілердегі халықаралық тасымалдарға қазіргі және орынды көзделген қажеттіліктерді қанағаттандыратын сыйымдылықтарды ұсынуы тиіс.

2. Уағдаласушы Тараптың әрқайсысының тағайындалған авиакәсіпорнына олардың мемлекеттерінің тиісті аумақтары арасында белгіленген бағыттар бойынша келісілген желілерді пайдаланудың қолайлы және тең шарттары ұсынылатын болады.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың авиакәсіпорнының жағдайына теріс әсер ететін кемсітушіліктің барлық нысандарын немесе жосықсыз бәсекелестікті болдырмау үшін өз юрисдикциясы шегінде барлық тиісті шараларды қабылдайды.

4. Тағайындалған авиакәсіпорындардың арасында келісілген желілерді пайдалануға қатысты жасалуы мүмкін келісімдерді, бұл Уағдаласушы Тараптардың бірінің ішкі ережелерінде талап етілген жағдайда, осы Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарының бекітуі талап етіледі.

7 - Б А П

КУӘЛІКТЕР МЕН АЙҒАҚТАРДЫ ТАҢУ

1. Уағдаласушы Тараптардың бірімен берілген немесе күші бар деп танылған, ұшуға жарамдылық куәліктері, біліктілік куәліктері мен айғақтары, олардың қолданылу мерзімі ішінде, осындай куәліктер мен айғақтар берілген немесе күші бар деп танылған талаптар Конвенцияға сәйкес белгіленген немесе ең аз нормалардан артық, немесе

мезгіл-мезгіл белгіленуі мүмкін талаптарға сәйкес болу шартымен екінші Уағдаласушы Тараппен де күші бар деп танылады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптардың, алайда, өз мемлекеті аумағының үстінен ұшуға қатысты өз азаматтарына берілген немесе басқа мемлекет күші бар деп таныған біліктілік куәліктерін танудан бас тартуына құқығы сақталады.

8 - Б А П

КЕДЕНДІК БАЖДАР МЕН БАСҚА ДА АЛЫМДАРДАН БОСАТУ

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының халықаралық тасымалдар үшін пайдаланылатын әуе кемесі, сол сияқты табельдік жабдықтары, сол әуе кемесінің бортындағы отын қоры, жағармай материалдары және борттық қорлар (кәдесыйларды, азық-түлікті, сусындарды қоса алғанда, дайын бұйымдар болып табылатын) екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына әкелінгеннен кейін, егер осы жабдықтар мен қорлар кері әкетілген мерзімге дейін әуе кемесінің бортында қалатын болса, барлық кедендік баждардан, инспекциялық алымдардан және басқа да баждар мен салықтардан босатылатын болады.

2. Сондай-ақ ұсынылған қызметтер үшін алынатын алымдарды қоспағанда, осындай салықтардан, алымдар мен баждардан мыналар да босатылады:

а) бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында осы Уағдаласушы Тараптың тиісті билік орындары белгілеген көлемде бортқа алынған, белгіленген бағыт бойынша ұшуды орындайтын екінші Уағдаласушы Тараптың әуе кемесінде пайдалану үшін
б о р т т ы қ қ о р л а р ;

б) бір Уағдаласушы Тарап аумағына екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакәсіпорын белгіленген бағытта пайдаланылатын әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу үшін әкелінетін қосалқы бөлшектер және қажетті жабдықтар;

в) бір Уағдаласушы Тараптың аумағында халықаралық ұшуды орындайтын екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған кәсіпорындарының әуе кемесіне құю үшін берілетін отын мен жағармай материалдары, тіпті егер бұл қорлар олар бортқа алынатын Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы шегінде өтетін бағыт учаскесінде пайдаланылатын болса да;

г) тағайындалған авиакәсіпорын коммерциялық және пайдаланымдық мақсаттар үшін қолданылуы мүмкін көліктік құжаттаманы және авиажүкқұжатты қоса алғанда, Уағдаласушы Тараптардың бірінің тағайындалған авиакәсіпорны пайдаланатын қажетті құжаттар ;

д) екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тағайындалған авиакәсіпорын пайдаланатын коммерциялық құндылығы жоқ жарнама материалдары;

е) егер Уағдаласушы Тараптың бірінің мемлекетінің аумағына екінші Уағдаласушы Тарап тағайындаған авиакәсіпорын агенттіктерінің офистерінде пайдалану мақсатында әкелінген жиһаз, офистік жабдықтар мен материалдар, осы аумаққа әкелінген сәттен бастап 3 жыл ішінде агенттіктің иелігінде болса және осы қағидатты тепе-теңдік негізі

де Уағдаласушы Тараптың екеуі де қолданса, осы жиһаз, жабдық және материалдар.

Осы Баптың а), б), в), г), д) және е) тармақшаларында көрсетілген материалдар талап ету бойынша кедендік билік орындарының бақылауына немесе қадағалауына ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н .

3. Бір Уағдаласушы Тараптың әуе кемесінің бортындағы табельдік борт жабдықтары, сондай-ақ материалдар және қорлар екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына осы Уағдаласушы Тараптың кедендік билік орындарының рұқсатымен ғана түсірілуі мүмкін. Осы жағдайда, олар кері бағытта әкетілгенге дейін немесе кедендік ережелерге сәйкес басқадай қолданыс тапқанға дейін, айтылған билік орындарының қадағалауында болып жайластырылуы мүмкін.

9 - Б А П

ТІКЕЛЕЙ ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛДАР

1. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы тікелей транзитпен өтетін және осы мақсат үшін бөлінген әуежайдан ұзамайтын жолаушылар, багаж, жүк және почта күш көрсету әрекеттеріне, әуе қарақшылығына және есірткі заттарын алып өтуге қарсы қауіпсіздік шараларын қолдану қажет болғаннан басқа жағдайларда, тек оң а й л а т ы л ғ а н б а қ ы л а у д а н ө т е д і .

2. Тікелей транзитпен өтетін багаж және жүктер кедендік алымдар және осы сияқты басқа салықтар салудан босатылады.

1 0 - Б А П

АВИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

1. Уағдаласушы Тараптар халықаралық құқықтан туындайтын өздерінің құқықтары мен міндеттемелеріне сәйкес, олардың бір-біріне қатысты қабылдаған азаматтық авиациялық қауіпсіздігіне заңсыз араласу әрекеттерінен қорғау міндеттемесі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатындығын растайды. Халықаралық құқық бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерінің жалпылама қолданысымен шектеліп қоймай, Уағдаласушы Тараптар Токио қаласында 1963 жылғы 14 қыркүйекте қол қойылған Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа да іс-әрекеттер туралы конвенцияның, Гаага қаласында 1970 жылғы 16 желтоқсанда қол қойылған Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияның және Монреаль қаласында 1971 жылғы 23 қыркүйекте қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттерге қарсы күрес туралы конвенцияның , оның Монреальда 1988 жылғы 24 ақпанда қол қойылған Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайларда заңсыз зорлық жасау әрекеттеріне қарсы күрес туралы қосымша хаттамасының ережелеріне сәйкес іс-қимыл жасайтын болады.

2. Уағдаласушы Тараптар өтініш бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алу әрекеттерін және осындай әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да заңсыз әрекеттерді, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне

кез келген басқа да қауіп-қатерді болдырмау жөнінде бір-біріне бүкіл қажетті көмекті көрсететін болады.

3. Уағдаласушы Тараптар өз қарым-қатынастарында Халықаралық азаматтық авиация ұйымы белгілеген және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға Қосымшалар аталатын авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге сәйкес, мұндай қауіпсіздіктер жөніндегі ережелер Тараптарға қолданымды болатындай дәрежеде іс-қимыл жасайды; олар әуе кемелеріне қызмет көрсететін персоналы немесе негізгі қызмет орны немесе тұрақты жері олардың мемлекеттері аумағында орналасқан мен олардың мемлекеттерінің аумақтарында болатын әуежайлардың қызмет көрсетуші персоналдары авиациялық қауіпсіздік жөніндегі осындай ережелерге сәйкес іс-қимыл жасайды талап етеді.

4. Әрбір Уағдаласушы Тарап әуе кемелерінің қызмет көрсететін персоналынан олардың мемлекеттерінің аумағы шегінде келу, кету және болу үшін екінші Уағдаласушы Тарап көздейтін, осы баптың 3-тармағында айтылған авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелердің сақталуын екінші Уағдаласушы Тараптың талап ете алатындығына келіседі. Әрбір Уағдаласушы Тараптар өз мемлекетінің аумағы шегінде әуе кемелерін қорғау және жолаушыларды, экипажды, қол жүгін, багажды және борттық қорларды қону немесе тиеу кезінде және оған дейін тексеру үшін тиісті шаралардың тиімді қолданылуды қамтамасыз ететін болады. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың нақты қатерге байланысты арнайы қауіпсіздік шараларын қабылдауы туралы кез келген өтінішіне тілектестікпен қарайды.

5. Азаматтық әуе кемесін заңсыз басып алуға немесе әуе кемелерінің, ондағы жолаушылары мен экипажды, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да заңсыз әрекеттерге байланысты қақтығыс немесе қақтығыс қатері туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар байланысты жеңілдету арқылы және осындай қақтығыстың немесе олардың қатерінің тез әрі қауіпсіз түрде жою мақсатында тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмектесетін болады.

6. Егер осы бапта көрсетілген авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерді Уағдаласушы Тараптардың бірі орындамайтындай болса, онда екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары осы Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарынан дереу консультациялар өткізуді талап етуі мүмкін.

1 1 - Б А П

ТАРИФТЕР

1. Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің мемлекеті аумағына немесе аумағынан тасымалдау үшін тарифтер пайдаланымдық шығыстарды, орынды пайданы, авиажелінің сипаттамасын және тұтынушының мүддесін қоса алғанда, барлық тиісті факторларды ескере отырып, ақылға қонымды мөлшерде белгіленетін болады.

2. Осы Баптың 1-тармағында көрсетілген тарифтер барлық бағыттарды немесе

үшінші елдерге қарай бағыттың бір бөлігін пайдаланатын басқа авиакәсіпорындармен консультациядан кейін екі Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарымен келісілетін болады.

3. Осы Баптың 2-тармағында айтылған келісуге, мүмкіндігіне қарай, Халықаралық әуе көлігі қауымдастығында қолданылатын белгіленген ставкалар тетігін пайдалану арқылы қол жеткізілетін болады.

4. Осылайша келісілген тарифтер оларды енгізудің болжамды күнінен кемінде отыз (30) күн бұрын Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындарына бекітуге ұсынылатын болады; жекелеген жағдайларда бұл мерзім аталған билік орындарының келісімі бойынша қысқартылуы мүмкін.

5. Егер тағайындалған авиакәсіпорындар қандай да бір тарифті бекіту мәселесі бойынша келісе алмаса немесе егер қандай да бір басқа себептер бойынша тарифтер осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленуі мүмкін болса, немесе отыз (30) күндік кезеңнің алғашқы он бес (15) күні ішінде осы Баптың 4-тармағына сәйкес бір Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары екінші Уағдаласушы Тараптың билік орындарына олардың осы Баптың 2-тармағына сәйкес келісілген тарифтердің бірімен келіспейтіндігі туралы хабарлама берсе, екі Уағдаласушы Тараптың да авиациялық билік орындары осы тарифтер бойынша келісімге келуге тырысатын болады.

6. Егер авиациялық билік орындары осы баптың 4-тармағына сәйкес карауға ұсынылған кез келген тарифті бекіту бойынша немесе 5-тармағына сәйкес қандай да бір тарифті белгілеу бойынша келісімге келе алмаса, онда дау осы Келісімнің 18-бабының ережелеріне сәйкес шешілетін болады.

7. Әрбір Уағдаласушы Тараптың билік орындары тарифтерді бекіткенше олардың күші болмайды.

8. Осы Баптың ережелеріне сәйкес белгіленген тарифтер осы баптың ережелеріне сәйкес жаңа тарифтер белгіленгенге дейін, бірақ Уағдаласушы Тараптардың бірінің авиациялық билік орындары келіспегенін білдірген күннен бастап он екі айдан асырылмай, күшінде қалады.

9. Әрбір Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындары Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындары бекіткен тарифтерді тағайындалған авиакәсіпорындардың қолдануын қамтамасыз ету үшін барынша күш салатын болады және де ешбір авиакәсіпорын тарифтерді ешбір дәрежеге және қандай да бір жолдармен тікелей немесе жанамай төмендетуді заңсыз қолданбайды.

1 2 - Б А П

ТАБЫСТАРДЫ АУДАРУ

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап қазіргі бар мемлекетішілік ережелерге сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына оның мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны жолаушыларды, багажды

, почтаны және жүкті тасымалдау барысында алған түсімдер мен шығыстардың арасындағы айырманы, аудару күніне қолданылған ресми айырбастау бағамының негізінде еркін айналыстағы валютамен аудару құқығын береді. Аудару өтінім берілген күннен кейін алпыс (60) күннен кешіктірмей кідіріссіз жүргізіледі.

2. Егер Уағдаласушы Тараптардың арасында арнайы төлем келісімі болса, аудару осы Келісімнің ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

1 3 - Б А П

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнының екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңдары мен ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қажетті әкімшілік, техникалық, коммерциялық және операциялық персоналы бар өз өкілдіктерін белгіленген тәртіппен ашуға және тіркеуге бірдей мүмкіндіктері болады.

2. Өзара тілектестік қағидатына негізделе отырып, бір Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тиісті рұқсаттарға сай және ұлттық заңдар мен ережелерге сәйкес өзінің авиакөлік қызметтерін тікелей де, агенттер арқылы да жергілікті валютаға немесе айналыстағы кез келген валютаға еркін сататын болады.

1 4 - Б А П

АЛЫМДАР СТАВКАЛАРЫ

Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнынан қызметтер үшін алынатын немесе бірінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті билік орындары алуға рұқсат еткен алымдардың әділ және негізді болуын қамтамасыз ету үшін барынша күш салатын болады. Олар бірыңғай қағидаттарға сәйкес алынатын болады.

1 5 - Б А П

КЕСТЕЛЕРДІ БЕРУ

1. Келісілген желілердегі ұшу кестелері оларды енгізудің болжамды күнінен кемінде отыз (30) күн бұрын екі Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарына бекітуге берілетін болады.

Ерекше жағдайларда, бұл мерзім аталған билік орындарының келісімімен қысқартылуы мүмкін.

2. Қосымша ұшуды орындау рұқсатына сұрауларды тағайындалған авиакәсіпорын екінші Уағдаласушы Тараптың авиациялық билік орындарына бекітуге тікелей бере алады.

1 6 - Б А П

САЛЫҚ САЛУ

1. Келісілген желілерде әуе кемелерін пайдаланудан түскен кірістер мен табысқа авиакәсіпорынның қызметтегі басқармасы орналасқан Уағдаласушы Тарап

мемлекетінің аумағында ғана салық салынатын болады.

2. Келісілген желілерді пайдаланатын әуе кемелерімен және осындай әуе кемелерін пайдалануға қатысты қозғалмайтын мүлікпен ұсынылатын капиталға авиакәсіпорынның қызметтегі басқармасы орналасқан Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында ғана салық салынатын болады.

3. Егер Уағдаласушы Тараптардың арасында табыс салығына және капитал салығына қатысты қосарланған салық салуды болдырмау үшін арнайы келісім бар болса онда оның ережелері басым болады.

1 7 - Б А П

КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕР

1. Осы Келісімнің ережелерін орындауға қатысты барлық мәселелер бойынша Уағдаласушы Тараптардың авиациялық билік орындарының арасында тығыз ынтымақтастық рухта мезгіл-мезгіл консультациялар жүргізілетін болады. Мұндай консультациялар, егер Уағдаласушы Тараптардың екеуі де осы мерзімді ұзартуға келіспесе, сұрау салынған күннен бастап 60 күн ішінде басталуы тиіс.

2. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі осы Келісімнің қандай да болмасын ережесін өзгертуді орынды деп есептесе, ол екінші Уағдаласушы Тараптан консультация сұрай алады. Осылай келісілген өзгерістерді әрбір Уағдаласушы Тарап олардың мемлекетішілік рәсімдеріне сәйкес бекітетін болады.

3. Қосымшаға енгізілетін өзгерістер Уағдаласушы Тараптардың тиісті авиациялық билік орындарының арасында келісілетін болады және дипломатиялық арналар бойынша ноталармен алмасқаннан кейін кідіріссіз күшіне енетін болады.

1 8 - Б А П

ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

1. Уағдаласушы Тараптардың арасында осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын кез келген дау бірінші кезекте тікелей келіссөздер арқылы шешілетін болады.

2. Егер Уағдаласушы Тараптар келіссөздерде келісімге келмесе, олар дауды қандай да болмасын құзыретті тұлғаға немесе ұйымға қарауға бере алады; егер олар осымен келіспесе, онда Уағдаласушы Тараптың бірінің өтініші бойынша дау Төрелік соттың қарауына беріледі, бұл үшін Уағдаласушы Тараптың әрқайсысы өз тарапынан төреші тағайындайды. Тағайындалған төрешілер Төрелік сот Төрағасының міндеттері жүктелетін үшінші төрешіні анықтайды. Тараптар дипломатиялық арналар бойынша даулы мәселелерді Төрелік сот арқылы шешу туралы хабарлама алған сәттен бастап 60 тәулік ішінде өз төрешісін тағайындайды. Төрелік соттың Төрағасы келесі 60 тәулік ішінде тағайындалады. Егер Уағдаласушы Тараптың бірі өз төрешісін тағайындамаса немесе Төрелік соттың үшінші мүшесі белгіленген уақытта тағайындалмаса, Уағдаласушы Тараптар Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы Кеңесінің Төрағасынан төрешілерді немесе Төрелік соттың Төрағасын тағайындауды сұрай алады.

. Кез келген жағдайда үшінші төреші үшінші елдің азаматы болып табылады және Төрелік соттың Төрағасы болады.

3. Уағдаласушы Тараптар осы Баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешімдерді орындауға міндеттенеді.

4. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі Төрелік соттың шешімін орындамаса, екінші Уағдаласушы Тарап осы Келісіммен екінші Уағдаласушы Тарапқа ұсынылған кез келген құқықтарды және артықшылықтарды шектеуге, тоқтата тұруға немесе жоюға құқылы.

5. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзі тағайындаған төрешінің жұмысына байланысты шығыстар мен төлемдерді өзіне алады.

Төрелік сот Төрағасының қаламақысы мен шығыстарын, сондай-ақ Төрелік сотқа байланысты шығыстарды екі Уағдаласушы Тарап тең бөліп төлейді.

1 9 - Б А П

КЕЛІСІМНІҢ КҮШІН ТОҚТАТУ

1. Кез келген Уағдаласушы Тарап кез келген уақытта екінші Уағдаласушы Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша осы Келісімнің күшін тоқтату туралы өзінің ниетін хабарлай алады; мұндай хабарлама кідіріссіз Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымының Кеңесіне беріледі.

2. Бұл жағдайда, егер тоқтату туралы хабарлама осы кезең біткенге дейін келісім бойынша қайтарылып алынбаса, осындай хабарламаны екінші Уағдаласушы Тарап алған күннен бастап 12 айдан кейін Келісім күшін тоқтатады. Екінші Уағдаласушы Тарап хабарламаны алғанын растамаса, хабарламаны Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымы алғаннан кейін он төрт (14) күннен соң хабарлама алған болып есептеледі.

2 0 - Б А П

ТІРКЕУ

Осы Келісім және оған кез келген түзетулер Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымында тіркелетін болады.

2 1 - Б А П

КҮШНЕ ЕНУІ

Осы Келісім екі Уағдаласушы Тарап та дипломатиялық арналар бойынша, олардың тиісті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап күшіне енеді.

Жазылғандардың дәлелдемесі ретінде өзінің тиісті Үкіметтері осыған тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қояды.

Варшава қаласында 1997 жылғы 27 қарашада әрқайсысы қазақ, поляк және орыс тілдерінде 2 түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімді, түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

ҚОСЫМША

1. Қазақстан Республикасының тағайындалған авиакәсіпорны төменде көрсетілген бағыт бойынша және қарай әуе қатынасын пайдалануға құқылы:

Қазақстандағы пункттер	Аралық пункттер	Польшадағы пункттер	Тыс жерлердегі пункттер
Алматы	2 пункт	Варшава	2 пункт

2. Поляк Республикасының тағайындалған авиакәсіпорны төменде көрсетілген бағыт бойынша және кері қарай әуе қатынасын пайдалануға құқылы:

Польшадағы пункттер	Аралық пункттер	Қазақстандағы пункттер	Тыс жерлердегі пункттер
Варшава	2 пункт	Алматы	2 пункт

3. Келісілген желі авиакәсіпорынды Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында басталған жағдайда белгіленген бағыттың кез келген немесе барлық пункттері әрбір тағайындаған авиакәсіпорынның қарауы бойынша ұшудың кез келген учаскесінде немесе бүкіл бағытында қалдырылуы мүмкін.

4. Аралық пункттер мен тыс жерлердегі пункттер, сондай-ақ осы пункттерге/ден Бесінші еркіндік құқығын беру Уағдаласушы Тараптардың тағайындаған авиакәсіпорындарының арасындағы жеке уағдаластықтың және авиациялық билік орындары бекітуінің мәселесі болып табылады.

Осымен 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 12-1-2/684 Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі нотасының бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р	м и н и с т р л і г і н і ң
Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ	д е п а р т а м е н т і н і ң

Бөлім бастығы

Поляк тілінен бейресми аударма

DPT.П-360-7-2003/MJ/200

Поляк Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Варшавадағы Елшілігіне өзінің құрметін білдіре отырып, Варшавада 1997 жылғы 27 қарашада қол қойылған, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Поляк Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтініндегі қателерді жөндеуге қатысты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 12-1-2/684 нотасына жауап ретінде Поляк тарапы Қазақстан тарапының ұсынып отырған өзгерістерімен келісетінін білдіріп отыр.

Сонымен бірге, Поляк Республикасы Сыртқы істер министрлігі жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің нотасы мен осы нота Варшавада

1997 жылғы 27 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Поляк Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып танылатынына келісімін білдіріп отыр.

Поляк Республикасы Сыртқы істер министрлігі осы жағдайды пайдалана отырып, Қазақстан Елшілігіне өзінің құрметін білдіріп отыр.

(қолы)

Варшава, 2005 жылғы 17 маусым

П о л я к

м е м л е к е т т і к

елтаңбасы бар ПР СІМ мөрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Варшавадағы Елшілігі

РҚАО-ның ескертуі: бұдан әрі поляк тіліндегі мәтін беріліп отыр.

Осымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Поляк Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімге қатысты Қазақстан Республикасының Поляк Республикасындағы Елшілігінің N DPT.II-360-7-2003/MJ/200 2005 жылғы 17 маусымдағы нотасының қазақ тіліндегі мәтінімен бірдей.

Көшірме рас.

М и н и с т р л і к

Ә к і м ш і л і к д е п а р т а м е н т і н і ң

директоры